**Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Сегізінші қосымша хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 наурыздағы № 419-IV Заңы

2008 жылғы 12 тамызда Женевада жасалған Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Сегізінші қосымша хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

## Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Сегізінші қосымша хаттама

Жарғы, Қосымша хаттама

Мазмұны

Бап

I. (өзгертілген 1 бис-бабы) Анықтамалар
II. (өзгертілген 4-бап) Ерекше жағдайлардағы қатынастар
III. (өзгертілген 8-бап) Өңірлік одақтар. Арнайы келісімдер
IV. (өзгертілген 11-бап) Одаққа қосылу немесе қабылдау. Рәсім
V. (өзгертілген 22-бап) Одақ Актілері
VI. (өзгертілген 25-бап) Одақ Актілеріне қол қою, олардың түпнұсқалығын растау, оларды ратификациялау және басқа да мақұлдау нысандары
VII. (өзгертілген 29-бап) Ұсыныстар беру
VIII. (өзгертілген 32-бап) Төрелік
IX. Одақтың Қосымша хаттамасына және басқа да Актілеріне қосылу
X. Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Қосымша хаттаманың күшіне енуі және қолданылу мерзімі

Дүниежүзілік пошта одағына мүше елдер үкіметтерінің өкілетті өкілдері Женевада Конгреске жиналып, 1964 жылғы 10 шілдеде Венада қабылданған Дүниежүзілік пошта одағы Жарғысының 30.2-бабы негізінде ратификациялау шартымен аталған Жарғыға мынадай өзгерістерді қабылдады.

I бап
(Өзгертілген I бис-бабы)

**Анықтамалар**

1. Дүниежүзілік пошта одағының Актілерінде пайдаланылатын төменде санамаланған терминдер төменде анықталатын мағынада болуға тиіс:

1.1 Пошта қызметі: көлемін Одақ органдары айқындайтын пошта қызметтерінің барлығы. Осы қызметтерге жататын негізгі міндеттемелер мүше елдердің белгілі бір әлеуметтік және экономикалық міндеттерді орындауынан көрінеді, бұл пошта жөнелтілімдерін қабылдаумен, сұрыптаумен, жіберумен және жеткізумен қамтамасыз етіледі.

1.2 Мүше ел: Жарғының 2-бабының шарттарын орындайтын ел.

1.3 Бірыңғай пошта аумағы (сол бір пошта аумағы): Одақтың Актілеріне сәйкес уағдаласушы тараптарға жүктелетін транзит еркіндігін қоса алғанда, жазбаша хат-хабар жөнелтілімдерімен өзара алмасуды қамтамасыз ету және басқа елдерден транзитпен жіберілетін пошта жөнелтілімдерін кемсітушіліксіз, өздерінің жеке пошта жөнелтімдерін өңдейтіндей түрде өңдеу міндеттемесі.

1.4 Транзит еркіндігі: оған сәйкес аралық мүше ел басқа мүше елге межеленіп, өзіне берілген пошта жөнелтілімдерін ішкі жөнелтілімдерді өңдейтіндей түрде өңдеп, оларды тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті қағидат.

1.5 Жазбаша хат-хабарды жөнелту: Конвенцияда көрсетілген жөнелтілімдер.

1.6 Халықаралық пошта қызметі: Актілермен реттелетін пошта операциялары немесе қызметтері. Осындай операциялардың немесе қызметтердің жиынтығы.

1.7 Тағайындалған оператор: пошта қызметтерін пайдалануды қамтамасыз ету және оларға тиесілі, Одақ Актілерінен туындайтын міндеттемелерді өз аумағында орындау үшін мүше ел ресми тағайындайтын кез келген мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйым.

1.8 Ескертпе - бұл осы мүше елге қолдану тұрғысында қатысты мүше ел Актінің ( Жарғыдан және Жалпы регламенттен басқа) қандай да болсын ережесінің заңды салдарын болдырмауға немесе өзгертуге ұмтылатын шегіністі қамтитын ереже. Кез келген ескертпе Жарғының кіріспесінде және бірінші бабында айқындалғанындай Одақтың міндеттерімен және мақсаттарымен үйлесімді болуға тиіс. Ол тиісінше негізделуге және тиісті Актіні бекіту үшін қажетті көпшіліктің қолдауын табуға және оның Қорытынды хаттамасына енгізілуге тиіс.

II бап
(Өзгертілген 4-бап)

**Ерекше жағдайлардағы қатынастар**

Тағайындалған операторлары Одақтың құрамына кірмейтін аумақтарға қызмет көрсететін мүше елдер басқа мүше елдер үшін делдал болуға міндетті. Мұндай ерекше жағдайларда Конвенцияның және оның Регламенттерінің ережелері қолданылады.

III бап
(Өзгертілген 8-бап)

**Өңірлік одақтар. Арнайы келісімдер**

1. Егер осы мүше елдердің заңнамасы бұған кедергі келтірмесе, мүше елдер немесе олардың тағайындалған операторлары өңірлік одақтар құра алады және мүдделі мүше елдер қатысушылары болып табылатын Актілерде көзделген ережелерден гөрі халыққа қолайлылығы неғұрлым төмен ережелерді оларға қоспау шартымен халықаралық пошта қызметі туралы арнайы келісімдер жасай алады.

2. Өңірлік одақтар байқаушыларды Одақтың конгрестеріне, конференциялары мен жиналыстарына, Әкімшілік кеңестің, сондай-ақ Поштаны пайдалану кеңесінің отырыстарына жібере алады.

3. Одақ байқаушыларды өңірлік одақтардың конгрестеріне, конференциялары мен жиналыстарына жібере алады.

IV бап
(Өзгертілген 11-бап)

**Одаққа қосылу немесе қабылдау. Рәсім**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының кез келген мүшесі Одаққа қосыла алады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып табылмайтын кез келген егеменді ел өзін Одаққа мүше ел ретінде қабылдау туралы өтініш білдіре алады.

3. Одаққа қосылу немесе қабылдау туралы өтініш Одақтың Жарғысына және міндетті Актілеріне қосылу туралы ресми мәлімдемені қамтуға тиіс. Оны мүдделі елдің үкіметі Халықаралық бюроның Бас директорына жібереді, ол мән-жайларға қарай қосылу туралы хабарлайды немесе мүше елдерден қабылдау туралы өтінішке қатысты консультация алады.

4. Егер Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып табылмайтын елдің өтінішін, ең болмағанда, Одаққа мүше елдердің үштен екісі қолдаса, ол мүше ел ретінде қабылданды деп саналады. Консультация жариялаған күннен бастап төрт ай ішінде жауап бермеген мүше елдер қалыс қалды деп саналады.

5. Халықаралық бюроның Бас директоры мүше елдердің үкіметтерін қосылу немесе мүшелікке қабылдау туралы хабардар етеді. Ол осы хабарламаның күнінен бастап күшіне енеді.

V бап
(Өзгертілген 22-бап)

**Одақ Актілері**

1. Жарғы Одақтың негізгі құжаты болып табылады. Ол Одақтың негізгі ережелерін қамтиды және ескертпелердің нысанасы болмайды.

2. Жалпы регламент Жарғыны қолдануды және Одақтың қызметін қамтамасыз ететін ережелерден тұрады. Ол барлық мүше елдер үшін міндетті болып табылады және ескертпелердің нысанасы болмайды.

3. Дүниежүзілік пошта конвенциясы, жазбаша хат-хабар регламенті және пошта сәлемдемелерінің регламенті халықаралық пошта қызметінде қолданылатын жалпы ережелерді, сондай-ақ жазбаша хат-хабар қызметі және пошта сәлемдемелері туралы ережелерді қамтиды. Бұл Актілер барлық мүше елдер үшін міндетті болып табылады. Мүше елдер өздерінің тағайындалған операторларының Конвенциядан және оның Регламенттерінен туындайтын міндеттемелерді орындауын қадағалайды.

4. Одақтың Келісімдері мен олардың Регламенттері жазбаша хат-хабар және пошта сәлемдемелері қызметтерінен басқа, оларға қатысатын мүше елдер арасындағы қызметтерді реттейді. Олар тек осы мүше елдер үшін ғана міндетті болып табылады. Оларға қол қойған мүше елдер өздерінің тағайындалған операторларының Келісімдерден және олардың Регламенттерінен туындайтын міндеттемелерді орындауын қадағалайды.

5. Конвенция мен Келісімдерді орындау үшін қажетті қолдану ережелері бар Регламенттерді Конгресс шешімдерін ескере отырып, Поштаны пайдалану кеңесі бекітеді.

6. Олар туралы 3-5 § айтылатын, Одақтың Актілеріне қоса берілетін ықтимал Қорытынды хаттамаларда осы Актілерге ескертпелер қамтылады.

**VI бап**

**(Өзгертілген 25-бап)**

**Одақ Актілеріне қол қою, түпнұсқалығын растау, оларды ратификациялау және басқа да мақұлдау нысандары**

1. Одақтың Конгресте қабылданған Актілеріне мүше елдердің өкілетті өкілдері қол қояды.

2. Регламенттердің түпнұсқалығын Поштаны пайдалану кеңесінің Төрағасы мен Бас хатшысы растайды.

3. Жарғыға қол қойған елдер оны мүмкіндігінше қысқа мерзімде ратификациялайды.

4. Жарғыдан басқа, Одақтың Актілерін мақұлдау қол қойған әрбір елдің ішкі конституциялық нормаларына сәйкес жүргізіледі.

5. Егер қандай да болсын мүше ел Жарғыны ратификацияламаса немесе өзі қол қойған басқа Актілерді мақұлдамаса, онда солай бола тұрса да, оларды ратификациялаған немесе мақұлдаған мүше елдер үшін Жарғы мен басқа да Актілердің заңды күші болады.

**VII бап**

**(Өзгертілген 29-бап)**

**Ұсыныстар беру**

1. Кез келген мүше елдің Конгреске не екі Конгресс арасындағы кезеңде өзі қатысушысы болып табылатын Одақ Актілеріне қатысты ұсыныстар беруге құқығы бар.

2. Алайда, Жарғыға және Жалпы регламентке қатысты ұсыныстар тек Конгреске берілуі мүмкін.

3. Бұдан басқа, Регламенттерге қатысты ұсыныстар Поштаны пайдалану кеңесіне тікелей беріледі, алайда оларды Халықаралық бюро алдын ала барлық мүше елдерге және барлық тағайындалған операторларға беруге тиіс.

**VIII бап**
**(Өзгертілген 32-бап)**

**Төрелік**

Одақ Актілерін түсіндіруге немесе осы Актілерді қолданудан мүше елдер үшін туындайтын жауапкершілікке қатысты екі немесе бірнеше мүше ел арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, даулы мәселені төрелік шешеді.

**IX бап**

**Одақтың Қосымша хаттамасына және басқа да Актілеріне қосылу**

1. Осы Хаттамаға қол қоймаған мүше елдер оған кез келген уақытта қосыла алады.

2. Конгресте қайта қаралған Актілерге қатысушылар болып табылатын, бірақ оларға қол қоймаған мүше елдер, оларға мүмкіндігінше қысқа мерзімде қосылуға міндетті.

3. Олар туралы 1 және 2 § сөз болып отырған жағдайларға қатысты қосылу туралы құжаттар Халықаралық бюроның Бас директорына жіберілуге тиіс. Бас директор олар туралы мүше елдердің үкіметтеріне хабарлайды.

**X бап**

**Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Қосымша хаттаманың күшіне енуі және қолданылу мерзімі**

Осы Қосымша хаттама 2010 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді және мерзімі белгіленбеген уақыт ішінде күшінде болады.

Осыны куәландыру үшін мүше елдер үкіметтерінің өкілетті өкілдері осы Қосымша хаттаманы жасады, ол, егер оның ережелері Жарғының өз мәтініне енгізілсе, нақ сол күшке және нақ сол мағынаға ие болады және оған Халықаралық бюроның Бас директорына сақтауға берілетін бір данада қол қойды. Дүниежүзілік пошта одағының Халықаралық бюросы осы дананың көшірмесін әрбір тарапқа жіберетін болады.

2008 жылғы 12 тамызда Женевада жасалды.

*Төменде көрсетілген қолдарды қараңыз.*

POUR LETAT ISLAMIQUE D'AFGHANISTAN: POUR LA REPUBLIQUE ALGERIENNE DEMOCRATIQUE ET POPULAIRE:

POUR LA REPUBLIQUE D'AFROQUE DU SUD: POUR LA REPUBLIQUE FEDERALE D'ALLEMAGNE

POUR LA REPUBLIQUE D'ALBANIE:

POUR LES ETATS-UNIS D'AMERIQUE:

POUR LA REPUBLIQUE D'ANGOLA:

POUR LA REPUBLIQUE ARGENTINE:

POUR ANTIGUA-ET-BARBUDA:

POUR LA REPUBLIQUE D'ARMENIE

POUR LA ROYAUME DE L'ARABIE SAOUDITE:

POUR L'AUSTRALIE:

POUR LA REPUBLIQUE D'AUTRICHE:

POUR LE ROYAUME DE BAHRAIN:

POUR LA REPUBLIQUE D'AZERBAIDJAN:

POUR LA REPUBLIQUE POPULAIRE DU BANGLAESH:

POUR LA COMMONWEALTH DES BAHAMAS:

POUR LA BARBADE:

POUR LA REPUBLIQUE DU BELARUS:

POUR LA REPUBLIQUE DU BENIN:

POUR LA BELGIQUE:

POUR LA ROYAUME DE BHOUTAN:

POUR BELIZE:

POUR LA REPUBLIQUE DE BOLIVIE:

POUR LA REPUBLIQUE DE BOSNIE-HERZEGOVINE:

POUR BRUNEI DARUSSALAM:

POUR LA REPUBLIQUE DU BOTSWANA:

POUR LA REPUBLIQUE DE BULGARIE:

POUR LA REPUBLIQUE FEDERATIVE DU BRESIL:

POUR LE BURKINA FASO:

POUR LA REPUBLIQUE DU BURUNDI:

POUR LE CANADA:

POUR LE ROYAUME DU CAMBODGE:

POUR LA REPUBLIQUE DU CAP-VERT:

POUR LA REPUBLIQUE DU CAMEROUN:

POUR LA REPUBLIQUE CENTRAFRICAINE:

POUR LE CHILI:

POUR LA REPUBLIQUE DE COLOMBIE:

POUR LA REPUBLIQUE POPULAIRE DE CHINE:

POUR L'UNION DES COMORES:

POUR LA REPUBLIQUE DE CHYPRE:

POUR LA REPUBLIQUE DU CONGO:

POUR LA REPUBLIQUE DE COREE:

POUR LA REPUBLIQUE DE CROATIE:

POUR LA REPUBLIQUE DE COSTA-RICA:

POUR LA REPUBLIQUE DE CUBA:

POUR LA REPUBLIQUE DE COTE D'IVOIRE:

POUR LA ROYAUME DE DANEMARK:

POUR LA REPUBLIQUE DE DJIBOUTI:

POUR LA REPUBLIQUE ARABE D'EGYPTE:

POUR LA REPUBLIQUE DOMINICAINE:

POUR LA REPUBLIQUE DE EL SALVADOR:

POUR LE COMMONWEALTH DE LA DOMINIQUE:

POUR LES EMIRATS ARABES UNIS:

POUR LA REPUBLIQUE DE L'EQUATEUR:

POUR LA REPUBLIQUE D'ESTONIE:

POUR L'ERYTHREE:

POUR L'ETHIOPIE:

POUR L'ESPAGNE:

POUR FIDJI:

POUR LA REPUBLIQUE DE FINLANDE:

POUR LA GAMBIE:

POUR LA REPUBLIQUE FRANCAISE:

POUR LA REPUBLIQUE DE GEORGIE:

POUR LA REPUBLIQUE GABONAISE:

POUR LA REPUBLIQUE DU GHANA:

POUR LE ROYAUME-UNI DE GRANDE-BRETAGNE ET D'IRLANDE DU NORD, ILES DE LA MANCHE ET ILE DE MAN:

POUR LA GRENADE:

POUR LES TERRITOIRES D'OUTRE-MER DONT LES RELATIONS INTERNATIONALES SONT ASSUREES PAR LE GOUVERNEMENT DU ROYAUME-UNI DE GRANDE-BRETAGNE ET D'IRLANDE DU NORD:

POUR LA REPUBLIQUE DU GUATEMALA:

P O U R
LA GRECE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE GUINEE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE GUINEE-BISSAU:

P O U R
LA REPUBLIQUE D'HAITI:

P O U R
LA REPUBLIQUE
DE GUINEE EQUATORIALE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU HONDURAS:

P O U R
LA GUYANE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE HONGRIE:

P O U R
L'INDE:

P O U R
LA REPUBLIQUE D'IRAQ:

P O U R
LA REPUBLIQUE D'lNDONESIE:

P O U R
L'IRLANDE:

P O U R
LA REPUBLIQUE ISLAMIQUE D'IRAN:

P O U R
LA REPUBLIQUE D'ISLANDE:

P O U R
ISRAEL:

P O U R
LA JAMAIQUE:

P O U R
L'ITALIE:

P O U R
LE JAPON:

P O U R
(AL) JAMAHIRTYA ARABE LIBYENNE
POPULAIRE SOCIALISTE:

P O U R
LE ROYAUME HACHEMITE
DE JORDANIE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU KAZAKHSTAN:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE KIRIBATI

P O U R
LA REPUBLIQUE DE KENYA:

P O U R
LE KUWAIT:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU KIRGHIZISTAN:

P O U R
LA REPUBLIQUE DEMOCRATIQUE
POPULAIRE LAO:

P O U R
LE ROYAUME DU LESOTHO:

P O U R
LA REPUBLIQUE LIBANAISE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE LETTONIE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE LIBERIA:

P O U R
L'EX-REPUBLIQUE YOUGOSLAVE
DE MACEDOINE:

P O U R
LA PRINCIPAUTE DE LIECHTENSTEIN:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE LITUANIE:

P O U R
LA MALAISIE:

P O U R
LE LUXEMBOURG:

P O U R
LE MALAWI:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE MADAGASCAR:

P O U R
LA REPUBLIQUE DES MALDIVES:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU MALI:

P O U R
POUR MAURICE:

P O U R
MALTE:

P O U R
LA REPUBLIQUE ISLAMIQUE DE MAURITANIE:

P O U R
LE ROYAUME DU MAROC:

P O U R
LES ETATS-UNIS DU MEXIQUE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE MOLDOVA:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU MONTENEGRO:

P O U R
LA PRINCIPAUTE DE MONACO:

P O U R
LA REPUBLIQUE POPULAIRE DU MOZAMBIQUE:

P O U R
LA MONGOLIE:

P O U R
L'UNION DE MYANMAR:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE NAMIBIE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU NICARAGUA:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE NAURU:

P O U R
POUR LA REPUBLIQUE DU NIGER:

P O U R
LE NEPAL:

P O U R
LA REPUBLIQUE FEDERALE DU NIGERIA:

P O U R
LA NORVEGE:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE L'OUGANDA:

P O U R
LA NOUVELLE-ZELANDE:

P O U R
LA REPUBLIQUE D'OUZBEKISTAN:

P O U R
LE SULTANAT D'OMAN:

P O U R
LA REPUBLIQUE ISLAMIQUE DU PAKISTAN:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE PANAMA:

P O U R
LES PAYS-BAS:

P O U R
LA PAPOUASIE - NOUVELLE-GUINEE:

P O U R
LES ANTILLES NEERLANDAISES ET ARUBA:

P O U R
LA REPUBLIQUE DE PARAGUAY:

P O U R
LA REPUBLIQUE DU PEROU;

POUR
LA REPUBLIQUE DES PHILIPPINES:

POUR
L'ETAT DE QATAR:

POUR
LA POLOONE:

POUR
LA REPUBLIQUE DEMOCRATIQUE DU CONGO:

POUR
LE PORTUGAL:

POUR
LA REPUBLIQUE POPULAIRE DEMOCRATIQUE DE COREE:

POUR
LA ROUMANIE:

POUR
SAINT-CHRISTOPHE (SAINT-KITTS)-ET-NEVIS:

POUR
LA FEDERATION DE RUSSIE:

POUR
SAINTE-LUCIE:

POUR
LA REPUBLIQUE RWANDAISE:

POUR
LA REPUBLIQUE DE SAINT-MARIN:

POUR
SAINT-VINCENT-ET-GRENADINES:

POUR
LA REPUBLIQUE DEMOCRATIQUE DE SAO TOME-ET-PRINCIPE:

POUR
LES ILES SALOMON:

POUR
LA REPUBLIQUE DU SENEGAL:

POUR
L'ETAT INDEPENDANT DE SAMOA:

POUR
LA REPUBLIQUE DE SERBIE:

POUR
LA REPUBLIQUE DES SEYCHELLES:

POUR
LA REPUBLIQUE SLOVAQUE:

POUR
LA REPUBLIQUE DE SIERRA LEONE:

POUR
LA REPUBLIQUE DE SLOVENIE:

POUR
LA REPUBLIQUE DE SINGAPOUR:

POUR
LA REPUBLIQUE DEMOCRATIQUE DE SOMALIE:

POUR
LA REPUBLIQUE DU SOUDAN:

POUR
LA CONFEDERATION SUISSE:

POUR
LA REPUBLIQUE SOCIALISTE DEMOCRATIQUE DE SRI LANKA:

POUR
LA REPUBLIQUE DU SURINAME:

POUR
LA SUEDE:

POUR
LE ROYAUME DU SWAZILAND:

POUR
LA REPUBLIQUE ARABE SYRIENNE:

POUR
LA REPUBLIQUE DU TCHAD:

POUR LA REPUBLIQUE DU TADJIKISTAN:

POUR LA REPUBLIQUE TCHEQUE:

POUR LA REPUBLIQUE UNIE DE TANZANIE:

POUR LA THAILANDE:

POUR LA REPUBLIQUE DEMOCRATIQUE DE TIMOR-LESTE

POUR LA REPUBLIQUE DE TRINITE-ET-TOBAGO:

POUR LA REPUBLIQUE TQGOLAISE:

POUR LA REPUBLIQUE TUNISIENNE:

POUR LE ROYAUME DES TONGA:

POUR LE TURKMENISTAN:

POUR LA REPUBLIQUE DE TURQUIE:

POUR LA REPUBLIQUE ORIENTALE DE L'URUGUAY:

POUR TUVALU:

POUR LA REPUBLIQUE DE VANUATU:

POUR L'UKRAINE:

POUR L'ETAT DE LA CITE DU VATICAN:

POUR LA REPUBLIQUE BOLIVARIENNE DU VENEZUELA:

POUR LA REPUBLIQUE DE ZAMBIE:

POUR LA REPUBLIQUE SOCIALISTE DU VIET NAM:

POUR LA REPUBLIQUE DE ZIMBABWE:

POUR LA REPUBLIQUE DU YEMEN:

Осымен жоғарыда жазылған мәтін 2008 жылғы 12 тамызда Женева қаласында Дүниежүзілік пошта одағының 24-ші Конгресінде қабылданған шешімнің дәл көшірмесі екенін растаймын.

Берн, 15 маусым 2009 жыл

Халықаралық бюроның Бас директоры,
Эдуард ДАЙАН

2008 жылғы 12 тамызда Женева қаласында өткен Дүниежүзілік пошта одағының 24-Конгресінде қабылданған Дүниежүзілік пошта одағы Жаршысының Сегізінші қосымша хаттамасының куәландырған көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаментінің Басқарма бастығы Б. Пискорский*

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Хаттаманың мәтіні ағылшын тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК